

М.Ә.Төлеген¹, А.Ж.Әбдіжәми²¹Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты;²«Болашақ» Академиясы, Қарағанды
(E-mail: a.nurel@mail.ru)

Бұқаралық ақпарат құралдарында қылмыстар туралы ақпараттарды жариялау мәселелері

Қылмыстылықпен күресудегі мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық ұйымдардың тиімді өзара әрекеттестігіне әсер ететін келесі жағдайлары себеп: құқық қорғау органдарының оң немесе теріс беделі (құқық қорғау органдарының қызметіне деген халықтың сенімінің деңгейі); қылмыстылықпен күресу барысындағы заңдылық, ашықтық, жариялылық пен сөз бостандығы принциптерін сақтай отырып, құқық қорғау органдарының қызметін жаңғырту; халықтың идеологиялық-құқықтық, рухани-адамгершілік мәдениетін жоғарылату, мемлекеттің ақпараттық қылмыстық саясатын тиімді ұйымдастыру; қылмыстар туралы ақпараттардың толықтығы, шынайылығы, объективтігі және жеделдігі, құқықтық және шығармашылық аналитиканың жоғарғы деңгейін қалыптастыруға тәуелді болады. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары құқық қорғау органдары мен халық арасындағы кері байланыстың маңызды арнасы болып табылады.

Кілт сөздер: бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ой-пікірлер, қылмыстылықпен күресу, мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап құқықтық, демократиялық мемлекет ретінде дамып, азаматтық қоғам институттары одан әрі нығайып келеді. Қазақстан Республикасының Конституциясының 20-бабында: «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді», — деп көрсетілген.

Елбасының әрбір халыққа жолдауы мен баяндамалары мемлекеттік дамудың тұрақтылығының негізі болып табылатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, құқықтық тәртіп пен заңдылықты күшейту іс-шараларымен негізделген [1]. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаев 14.12.2012 ж. «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Азаматтық қоғам дамуда, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс жасап келеді. Түрлі бағыттағы 18 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді. 2,5 мыңдай бұқаралық ақпарат құралдары (әрі қарай — БАҚ) бар, оның 90 %-ы — жеке иелікте. Сонымен бірге бізге қоғамдық бақылауды, жергілікті жерлердегі ахуалға азаматтардың ықпалын күшейту керек. Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы — қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам. Біз құқықтық нигилизмді жеңіп, қоғамды қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне тартуымыз керек. Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс. Бүгінде, интернет пен жоғары технологиялар ғасырында, ақпараттар тасқындаған заманда, «сүзгі» адамның ішінде болу керек. Классиканы оқыңыздар, фильмдерді көріңіздер», — деп атап өтті. Аталған құжаттарда қылмыстық саясаттың барлық бағыттарының демократизацияланып, тиісінше ондағы ақпараттардың ашықтығы мен тұнықтығын қамтамасыз етуге бағытталғандығын анық көруге болады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің жыл сайынғы қылмыстар туралы статистикасы айғақ бола алады. Айталық, қылмыстылық саны 2005 ж. — 146 347 болса, 2006 ж. — 141 271, 2007 ж. — 128 064, 2008 ж. — 127 478, 2009 ж. — 121 667, 2010 ж. — 131 896, 2011 ж. — 206 801, 2012 ж. — 287 681. Бұл уақытқа дейін қылмыстылық деңгейінің жоғарғы шегі тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, яғни 1993 жылға, келеді деп есептелетін, ол жылы қылмыстардың саны 206 006 дейін жеткен болатын. Бірақ Қазақстан Республикасында 2011–2012 жж. тіркелген қылмыстар саны 1993 ж. тіркелген қылмыстардан да асып түсті.

Қылмыстылық көрсеткішінің артуы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша Бас прокуратура мен Ішкі істер министрлігінің тіркеу тәртібін күшейту жөніндегі қабылдаған іс-шараларымен, 2012 ж. ТМД елдерінде ұқсасы жоқ қылмыстардың барлық түрлерін қабылдау, тіркеу, есепке алудың бірыңғай айқын жүйесін енгізумен тікелей байланысты.

Осыған орай, қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы есепке алу-тіркеу саласында қылмыстардың латенттілігімен күресуге бағытталған көптеген өзгерістер енгізіліп жатыр. Бұл көбіне қылмыстарды жасыруға емес, сандық (цифрлық) көрсеткіштердің сапалық қасиетке ие болуына, яғни қылмыстармен күресуге жұмылдырылған органдардың қызметін «қылмыстарды ашу» көрсеткішіне емес, криминогенді жағдайды ашық көрсетуге, тиісінше қылмыстардың шынайы шеңберімен нақты күресуге бағытталған. Бұл бағыттағы жұмыстардың оң нәтижелері де жоқ емес, мысалы, 2012 ж. Алматы қаласында тіркелген қылмыстардың саны екі есеге артқан [2].

Ведомство басшысы С.Айтпаеваның хабарлауынша, жылдың өткен кезеңінде тіркелген қылмыстардың деңгейі 52,5 % (137 789-дан 210 133-ке), оның ішінде ауыр қылмыстар 10,5 % (20 419-дан 22 561-ге) өскен, дегенмен аса ауыр қылмыстар саны 10 % (1 069-дан 953-ке) төмендеген.

Қылмыстылық қай қоғамда болмасын мемлекеттердің өркениетке ұмтылу жолындағы экономикалық-әлеуметтік, саяси, адамгершілік-мәдени процестердің дамуына теріс әсер ететін құбылыс болып отыр. Белгілі криминолог А.И.Долгованың пайымдауынша, «ұйымдасқан қылмыстылық пен терроризмге бой алдыруда олардың қызметінен гөрі, оларды насихаттайтын БАҚ материалдарының әсері жоғары болып отыр» [3]. Бұл үрдіс «информогенді катастрофа» деп аталып жүр. Егер әр түрлі техногенді апаттар ашық түрде көзге көрінетін болса, БАҚ арқылы «улану», мәдениеттің құнсыздануы көзге көрінбей әрі ақырын-ақырын жүзеге асады екен [4].

БАҚ-та таратылатын ақпараттарда қылмыстардың жасалу тәсілі, құрылып берілген жоспардай уақыты, жері, күдіктілердің түр-сипаты, жәбірленушілер туралы ақпараттар, құқық қорғау органдарының әлеуеті туралы мәліметтер толып жүр. БАҚ арқылы криминалды ақпараттарға халықтың түгелдей дерлік топтары азды-көпті қатыстырылған. Ақпараттардың көптігі жағдайында біз қылмыскердің жаңа тұлғасын алудамыз, оның портреті шамамен мынадай — белсенді, ақпаратпен қаруланған, өзіндік жауапты шешімдер қабылдай алатын, көбіне тұрақты жұмыспен қамтылмаған, есірткіге немесе ішкілікке бейім адам. Аталғандардың барлығы Үкіметке, құқық қорғау органдарының қызметіне белгілі бір деңгейде жаңаша тәсілдермен түзетулер енгізуді, алдын алу шараларын кешенді жүргізуді алға тартады.

Қазіргі уақытта БАҚ криминалды ақпараттарды құнды жаңалықтарға айналдырып, өздерінің негізгі өнімі етіп отыр. БАҚ құрылымдары елді елең еткізу мақсатында жаңалықтарда қылмыстар туралы елдегі қылмыстылықтың шынайы жағдайымен сай келе бермейтін түсінік қалыптастырады. Яғни, БАҚ өзінің ақпараттарды беру тәсілін өзгертуіне қарай, қылмыстар туралы ақпараттарды әр түрлі етіп жеткізеді. Оны қазіргі қазақстандық БАҚ-тардан да көріп жүрміз, яғни кейбір БАҚ фактіні қылмыс деп көрсетсе, екіншісі оны кездейсоқ табиғи жағдай деп көрсетеді.

Қатыгездік пен жалаңаштықты қоғам қанша қажет етсе, БАҚ сонша деңгейде көрсетуге қашанда даяр. Сондықтан қоғам олардан бас тартқан немесе бас тартуға мәжбүр еткен жағдайда ғана бұл процесс тоқтауы немесе азаюы мүмкін.

БАҚ арқылы таратылатын материалдардың сапалы жақтарын ескере отырып, сонымен қатар арнайы сараптама көрсеткеніндей, қазіргі қазақстандық қоғамда батыстың ықпалы жоғары. Өйткені қазақстандық БАҚ-тың 80 %-ын Ресей Федерациясының БАҚ құрайды, ал олар өз кезегінде Батыс Еуропадан көшірілген «еліктеушілік» немесе «табыс көзі» ретіндегі рухани-адамгершіліктен жұрдай, сапасыз материалдар таратады. Бұл материалдардың мазмұны көп ізденбейтін, жалқау, білімі таяз, сауатсыз адамдар аудиториясына арналған, қоғамның ар-ождансыз төменгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған [5]. Теріс салдары ретінде классикалық үздік туындыларды терең тебіреніспен оқуды бұрышқа тықпалап, оларды жеңіл-желпі (5–6 беттік) ұсақ-түйектерге айналдырып, жаппай сауатсыздыққа итермелеп, адамдардың тәні, адамгершілік қасиеттері құнсыздандырылып, келеңсіз, орынсыз қылжакбастыққа тәрбиелеуде (жастар проституциясы, гомосексуализм, балалар порнографиясы, педофилия, жалаңаштану, қатыгез ойындар, реалисти-шоулар және т.б.). Сондықтан идеологиялық бағытта аталған материалдарға шығармашылық «сүзгі» қойылып, білім беру ісіндегі тәрбиені күшейтіп, рухани, моральдік және адамгершілік салада БАҚ сапасын арттыру қажет.

Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық ойды қалыптастыратын ең маңызды құрал. Егер БАҚ-тағы ақпараттарды ойланбастан, жауапсыздықпен «жалған журналисттер»

тарататын болса, «төртінші билік» болып саналатын бұл құрал қоғамда дүрбелең тудырып, өте қауіпті күшке айналады.

Бағдарламалар мен жарияланымдардың мазмұнына қоғамдық бақылауды оңтайландыру мен күшейту мақсатында (құрамында тәжірибелі заңгерлер, құқық қорғау органдарының ардагерлері, ғалымдар, журналистер, филологтар, жазушылар, саясаттанушылар, мәдениеттанушылар, дінтанушылар, тарихшылар, әлеуметтанушылар, қоғамдық бірлестіктер, партиялар өкілдері мен психологтар қызмет ететін) БАҚ бойынша республикалық қоғамдық кеңестің құрамында құқықтық тәрбие мен құқықтық насихат бөлімін ашу қажет. Қоғамдық кеңес таратылатын ақпараттарды құқықтық, мәдени-шығармашылық, рухани-адамгершілік тұрғыдағы «сүзгіден» өткізіп, құқық бұзушылықтар анықталғанда құқықтық-ғылыми қорытындыларын тиісті құзырлы органдарға сараптамалық материалдар ретінде жолдауға өкілеттілігі, сондай-ақ қызметінің бір бағыты ретінде республикалық заң саласындағы газеттердің бас редакторларын тағайындау өкілеттігі заңдастырылуы тиіс. Прессалардың ішкі, өзіндік кеңестерінің қызметін жандандыру қажет.

Қоғамды мәдени «сауықтандыру» кезек күттірмейтін мәселе болып отыр. Өйткені мәдениет антикриминогенді фактор болып табылады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасындағы біртұтас ақпараттық кеңістікті дамыту, қылмыстылықтың алдын алу барысындағы қылмыстылықпен байланысты ақпараттардың тұнықтығын, ашықтығын және толықтығын қамтамасыз ету, бұл үдеріске қалың бұқараны қатыстыру арқылы қоғамдық бақылауды күшейту, қылмыстарды жасауға ыңғайсыз жағдайлар жасау, мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіндегі өзара үйлесімділікті қамтамасыз етудің сапалық қасиеттерін арттыруға байланысты нақты ғылыми ұсыныстар енгізу елімізде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мен заңдылықтың сақталуына тиімді әсер етері хақ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ҚР Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. — 2012. — 15 желт. — 1–3-б.
- 2 Бурдин В. Камера видит, камера знает... // Время. — 2013. — 5 янв. — С. 2.
- 3 Долгова А.И. Реагирование на преступность: концепции, закон, практика. — М.: Российская криминологическая ассоциация, 2002. — С. 300.
- 4 Преступность среди социальных подсистем. Новая концепция и отрасли криминологии / Под ред. д-ра юрид.наук, проф. Д.А.Шестакова. — СПб.: Юридический центр «Пресс», 2003. — С. 123.
- 5 Кудрявцев В.Н. Борьба мотивов в преступном поведении. — М.: Норма, 2007. — С. 123.

М.А.Толеген, А.Ж.Абдижами

Проблемы освещения информации о преступлениях в средствах массовой информации

От эффективного взаимодействия государственных органов, средств массовой информации и общественных организаций в борьбе с преступностью зависят: положительный или негативный авторитет правоохранительных органов (уровень доверия населения к работе правоохранительных органов); модернизация деятельности правоохранительных органов в соответствии с соблюдением принципов законности, открытости, гласности и свободы слова; идеолого-правовая, духовно-нравственная культура населения; высокая организация информационной уголовной политики государства; полнота, достоверность, объективность и оперативность информации о преступлениях; высокий уровень правовой и творческой аналитики. Средства массовой информации выступают важным каналом обратной связи между правоохранительными органами и населением.

M.A.Tolegen, A.Zh.Abdizhami

Problems of crime information coverage in mass media

Besides, it is obviously important to analyze as well the main forms of such interaction at the organization of fight against separate types of crimes. On effective interaction of activity of government bodies, mass media and public organization depends the following aspects: positive or negative authority of law enforcement agencies (level of trust of the population to work of law enforcement agencies); modernization of activity of law enforcement agencies according to observance of the principles of legality, openness, publicity and a freedom of speech; ideological, legal, spiritual and moral culture of the population, high organization of criminal information policy of the state; completeness, reliability, objectivity and efficiency of information on crimes, high level of legal and creative analytics. Mass media also play an important role of the feedback canal between the law enforcement agencies and population.

References

- 1 Nazarbayev N.A. *Yegemen Kazakstan*, 2012, 15 Dec., p. 1–3.
- 2 Burdin V. *Time*, 2013, May, 1, p. 2.
- 3 Dolgova A.I. *Responding to the crime: the concept of law practice*, Moscow: Russian Criminological Association, 2002, p. 300.
- 4 *Crime among social subsystems. The new concept of the industry and criminology*, Ed. by Dr. of Law Prof. D.A.Shestakov, Saint Petersburg: Legal Center «Press», 2003, 123 p.
- 5 Kudryavtsev V.N. *The struggle of motives in criminal behavior*, Moscow: Norma, 2007, 123 p.